

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара визасыз жол жүрулері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 наурыздағы № 188 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Баку қаласында 2009 жылғы 2 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара визасыз жол жүрулері туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара визасыз жол жүрулері туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет пен оның халықтары арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына, экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, мәдени және өзге де байланыстарды нығайтуға ықпал етуге ынталарын басшылыққа ала отырып,

азаматтардың Тараптар аумағы бойынша өзара жол жүру жағдайларын барынша жеңілдету мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Бір Тарап мемлекеті азаматтарының тұрақты тұратын жеріне қарамастан, осы Келісімге 1 және 2-қосымшаларда санамаланған жеке басын куәландыратын және азаматтығын растайтын құжаттардың негізінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келуге, кетуге, транзитпен өтуге, жүріп-тұруға және болуға құқықтары бар.

2. Бір Тарап мемлекетінің аумағында уақытша болатын екінші Тарап мемлекеттерінің азаматтары болатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдарында келген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тіркелу (болатын жері бойынша есепке қою) міндетінен босатылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген уақытша болу мерзімі шекараны кесіп өту үшін болатын Тарап мемлекетінің аумағына келу кезінде қойылған шекара қызметі

органдарының белгісі бар қолданыстағы құжаттармен, бір Тарап мемлекетінің аумағына екінші Тарап мемлекеті азаматының келген күнінен бастап есептеледі.

4. Бір Тарап мемлекетінің азаматы екінші Тарап мемлекетінің аумағында 30 күннен артық болған жағдайда аталған азамат болатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес болатын Тарап мемлекетінің құзыретті органдарында тіркелуге (болатын жері бойынша есепке тұруға) міндетті.

5. Бір Тарап мемлекетінің азаматтарын тіркеу келетін Тарап мемлекетінің Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезден бастап күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2021 № 456 қаулысымен.

2-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша мемлекеттік шекарадағы халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы келеді, кетеді және транзитпен өте алады.

3-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған уақытта болатын мемлекеттің заңнамасын, соның ішінде шетел азаматтарының тіркелу, болу және жүріп-тұру ережелерін сақтауға міндетті.

Екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы Келісім шарттарын немесе болу ережелерін бұзған бір Тарап мемлекетінің азаматтары болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы мұндай шешімнің себебін түсіндірместен, екінші Тарап мемлекетінің азаматына кіруге рұқсат етуден бас тартуға немесе оның өз мемлекетінің аумағында болу мерзімін қысқартуға құқылы.

5-бап

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап отыз күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің 1 және 2-қосымшаларында санамаланған құжаттардың үлгілерімен алмасады.

Тараптар осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын жаңа құжаттардың енгізілгені немесе құжаттардағы өзгерістер туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы 48 сағат ішінде хабардар етеді және осы құжаттар қолданысқа енген бұрын 30 күн ішінде бір-біріне олардың үлгілерін жібереді.

6-бап

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімді орындауға байланысты мәселелерді талқылау үшін консультациялар өткізеді.

Осы Келісімнің ережелерін орындау немесе қолдану барысында туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулы мәселелер келіссөздер арқылы шешіледі.

7-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

8-бап

Егер мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке қауіп төндірген, дүлей зілзала, техногендік апаттар болған немесе азаматтардың денсаулығына қауіп төнген жағдайда Тараптар өзінде осы Келісімнің қолданылуын уақытша, толық немесе ішінара тоқтата тұру құқығын сақтайды.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ оның қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдаған Тарап осындай шешім қабылдаған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей осы туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

9-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар ете отырып, осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда осындай хабарлама алынған күннен бастап 90-шы күні Келісім қолданылуын тоқтатады.

2009 жылғы 2 қазанда Баку қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасының Үкіметі
арасындағы Азаматтардың
өзара визасыз жол жүрулері
туралы келісімге
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы азаматтарының Әзірбайжан Республикасының
аумағы арқылы кіруіне, шығуына, транзитпен өтуіне, болуына және
жүріп-тұруына арналған құжаттарының тізімі**

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің паспорты (теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат, кеме рөлі немесе одан үзінді көшірме болған кезде).
5. Әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі (ұшу тапсырмасында тиісті жазба болған кезде).
6. Қазақстан Республикасына оралу куәлігі (тек Қазақстан Республикасына оралу үшін).

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасының Үкіметі
арасындағы Азаматтардың
өзара визасыз жол жүрулері
туралы келісімге
2-қосымша

**Әзірбайжан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының
аумағы арқылы кіруіне, шығуына, транзитпен өтуіне, болуына және
жүріп-тұруына арналған құжаттарының тізімі**

1. Әзірбайжан Республикасының жалпы азаматтық паспорты.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің кітапшасы (теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат, кеме рөлі немесе оның көшірмесі болған кезде).
5. Әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі (ұшу тапсырмасында тиісті жазба болған кезде).
6. Әзірбайжан Республикасына оралу куәлігі (тек Әзірбайжан Республикасына оралу үшін).

2009 жылғы 2 қазанда Баку қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара визасыз жол жүрулері туралы келісімнің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Халықаралық құқық департаментінің

Басқарма бастығы Б. Пискорский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК